

«ТУРАН-АСТАНА» УНИВЕРСИТЕТИ

БЕКІТЕМІН

Университет проросты
э.ғ.д., профессор Даубаев К.Ж.

«_____» _____ 2023ж.

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ДАМУ ТУЖОСПАРЫ

мамандық «**Б02302 - Филология**»

2023-2026 оқу жылдары

Астана, 2023 ж.

«6В02302 - Филология» мамандығы бойынша оқу бағдарламасын дамыту жоспары

Кафедра отырысында мақұлданған.

Хаттама № _____ «____» _____ 2023 ж.

Кафедра меңгерушісі _____

Факультеттің оқу-әдістемелік бюросында ұсынылған.

Хаттама № _____ «____» _____ 2023 ж.

Бюро төрағасы _____

Университеттің оқу-әдістемелік кеңесінде бекітілген.

Хаттама № _____ «____» _____ 2023 ж.

Төраға _____

Оқу бағдарламасы туралы мәліметтер

«Әлеуметтік ғылымдар және тілдік пәндер» кафедрасы «6B02302 - Филология» білім беру бағдарламасы бойынша мамандар даярлайды.

«6B02302 - Филология» білім беру бағдарламасының миссиясы- қазіргі ғылым мен білімнің сұранысына жауап беретін белсенді, шығармашылық қабілеті жоғары, креативті ойлайтын мамандарды дайындау.

Күндізгі оқу түрі бойынша оқу мерзімі төрт жылды құрайды.

Білім беру бағдарламасының мақсаты: филологиялық білімнің жалпы негіздерін меңгерген, мәдени құндылықтарды игерген, ғылыми танымдық көзқарасы қалыптасқан, филологияның даму мәселелерін шығармашылықпен шеше алатын, көпқырлы кәсіби құзыреттіліктері қазіргі заманның талаптарына сай келетін ғылыми-гуманитарлық білім беру салаларында және ғылыми мекемелерде, баспа орындарында, БАҚ саласында қызмет ете алатын кәсіби білікті маман даярлау болып табылады.

Біліктілік пен лауазымдардың тізімі:

1) 6B02302 – «Филология (қазақ филологиясы)» білім беру бағдарламасы бойынша тіл білімі бакалавры дәрежесі беріледі.

6B02302 – «Филология (қазақ филологиясы)» білім беру бағдарламасы бойынша бітірушілердің біліктілігі мен лауазымдары:

- гуманитарлық бағыттағы орта профильді (гимназиялар, лицейлер),
- кәсіби орта және кәсіптік оқу орындары (колледждер);
- аудармашылық жұмысты қажет ететін ұйымдарда;
- газет-журналдар редакциясы, радио және телевидение, баспа орындарында;
- профильді ғылыми ұйымдарда;
- мамандық профилімен байланысты басқа да объектілерде.
- филологиялық пәндерді оқытудың өзекті лингводидактикалық мәселелерін шешуге;
- филологиялық пәндер бойынша оқу үрдісін жоспарлауға;
- әдістемелік міндеттерді шығармашылықпен шешуге;
- оқытудың дәстүрлі формаларымен қатар, инновациялық технологияларды қолдануға;

Түлектердің біліктілік сипаттамасы:

Кәсіби қызмет саласы: 6B02302 – «Филология: қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша бакалавр филология, әдебиеттану, фольклористика, білім менеджменті саласындағы маман-зерттеуші; ғылыми-зерттеу секторындағы (жоғары оқу орындарының ғылыми-зерттеу бөлімшелері, ғылыми-зерттеу институттары мен академиялар) оқытушы-зерттеуші; бұқаралық ақпарат құралдары, мерзімді баспасөз, телевидение саласында тілші-маман.

Кәсіби қызметтің нысаны:

- кәсіби қызмет объектісі жалпы білім беру ұйымдары: орта (сонымен бірге гимназиялар, лицейлер) және арнаулы орта (колледждер) оқу орындары;
- ғылыми-зерттеу және жобалау-сынақтау мекемелері;

- мемлекеттік басқару мекемелері;
- техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары;
- жоғары оқу орындары;
- ғылыми-зерттеу институттары;
- білім беру жүйесіндегі қызметкерлердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау институттары;
- білім беру саласындағы өкілетті және жергілікті атқарушы органдар;
- бұқаралық ақпарат құралдары: радио, телевидение, баспасөз.
- мамандықтың профилімен сәйкес келетін коммерциялық мекемелер.

Кәсіби қызметтің пәні

6B02302 – «Филология: қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша бакалаврдың кәсіби қызмет пәні:

- қазақ филологиясы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын өздігінен жүзеге асыру және филологияның қолданбалы аспектісіне қатысты құзіреттіліктерге ие болуы;
 - тіл мен әдебиет тоғысындағы пәнаралық зерттеулерді дамыту;
 - филология ғылымындағы түрлі бағыттардың интеграциясы;
 - филологиялық зерттеудің жаңа нысандармен кеңеюіне назар аударылады;
 - халықаралық әдеби байланыстар мен қатынастар;
 - шетелдік және отандық әдебиеттанудағы жаңа бағыттар;
 - әдебиеттанушылық зерттеулердегі салыстырмалы-типологиялық әдіснама;
 - классикалық ғылыми және әдеби мұра рецепциясы мәселесі;
 - ұлттық әдебиет концептері;
 - тіл мен әдебиетті оқыту әдістемесі мен әдіснамасы;
 - филология және журналистика ғылымы.
- Білімнің артықшылықтары:

- филология мен қоғам дамуы туралы талдау және болжам жасау;
- қазақ тілі және қазақ әдебиетімен байланысты мәселелерді зерттеу және диагностикалау;
- әлеуметтік-гуманитарлық шеңберде кеңес беру қызметін атқару;
- білім беру мекемелерінде педагогикалық іс-әрекет;
- мәдениет саласындағы инновациялық іс-әрекет;
- синхрониялық-диахрониялық, әлеуметтік-тілдік тұрғыдан қарастырылатын лингвистика, қазақ/орыс (шетел) әдебиеті;
- қазақ тілі мен әдебиетін оқыту және инновациялық психологиялық-педагогикалық әдістер мен құралдарды пайдалана отырып студенттерді тәрбиелеу;
- іс қағаздарын жүргізу: білім беру, мәдениет, басқару мекемелерінде, БАҚ-та, мәдениетаралық қатынас саласында және әлеуметтік-гуманитарлық қызметтің басқа да салаларында ресми-іскерлік құжаттармен қамтамасыз ету;
- аударма ісі әлеуметтік-гуманитарлық қызметтің басқа да салаларында ауызша және жазбаша аудармаларды жүзеге асыру.

Кәсіби қызмет түрлері:

6B02302 – «Филология: қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалаврының кәсіби қызмет түрлері:

–білім беру (педагогикалық): әртүрлі білім беру мекемелерінде (мектеп, лицей, гимназия, колледж және т.б.) мұғалім, оқытушы, мектепте факультативтік сабақ ұйымдастырушы ретінде;

–ғылыми-зерттеу (ғылыми-зерттеу мекемелерінде кіші ғылыми қызметкер);

–ақпарат және байланыс саласы қызметкері;

–газет-журнал редакцияларында қызмет ету;

–баспа саласында редакторлық және корректорлық жұмыстар;

–әдеби-шығармашылық (әдеби, мәдени мекемелерде, баспа орындарында);

–ұйымдастыру-басқару (білім беруді басқару саласындағы ұйымдастыру-әкімшілік жұмыстары);

–іс қағаздарын жүргізу: білім беру, мәдениет, басқару мекемелерінде, БАҚ-та, мәдениетаралық қатынас саласында және әлеуметтік-гуманитарлық қызметтің басқа да салаларында ресми-іскерлік құжаттармен қамтамасыз ету;

–спичрайтер;

–әдеби агент;

–жарнама қызметтері;

–копирайтер;

–аударма ісі әлеуметтік-гуманитарлық қызметтің басқа да салаларында ауызша және жазбаша аудармаларды жүзеге асыру.

Оқытудың нәтижесі:

Дублиндік дескрипторлар	Оқу нәтижесі
1. Оқытылатын сала бойынша жалпы орта білім негізінде қалыптасқан ұғым, түсініктерді кеңейту, сала бойынша озық білімге бағытталған ғылыми ұғым-түсініктерді меңгеру.	1. Тіл пәндері (шетел, орыс тілі) бойынша жалпы орта білім негізіндегі түсініктер аясы мәтін, функционалдық стиль түрлері, академиялық жазылым және кәсіптік салаға қатысты ұғым-түсініктермен кеңейтіліп, оны күнделікті және қоғамдық қатынастар, академиялық әрекеттер барысында қолдана біледі.
2. Білім мен түсінікті кәсіби деңгейде қолдану, дәлелдер қалыптастыру	2. IT-технологиялар заманындағы тілдің қолданыс аясы, нормасы, қазіргі БАҚ тілі, оның функционалдық-коммуникациялық қызметі, медиасферадағы әрекеті,

<p>және оқылатын саладағы мәселелерді шешу.</p>	<p>дискурстық сипатын ажыратып, маңызын саралай алуды, цифрлық және ақпараттық коммуникациялық технологияларды тиімді қолдана біледі.</p> <p>3. Тіл білімінің негізгі ұғымдары мен тенденцияларын және қазіргі қазақ тілінің фонетикалық, морфологиялық, лексикологиялық, сөзжасамдық, синтаксистік ерекшеліктерін ғылыми-теориялық тұрғыдан талдап түсіндіре алады; осы білімдер жүйесін тәжірибеде оқу үдерісін инновациялық әдістер негізінде ұйымдастыруда және әдістемелік бағытта жүзеге асыра алады.</p> <p>4. Қазақ тілінің тілтанымдық, стилистикалық, концептуалдық категорияларын, мәдениет пен тілдің өзара қатынасын, сонымен қатар латын негізіндегі қазақ әліпбиінің қалыптасу тарихы, өзекті мәселелерін, емледегі өзгерістерді ғылыми тұрғыдан тұжырымдап, тәжірибеде пайдалана біледі.</p> <p>5. Әдебиет ғылымының теориялық және салыстырмалы әдебиеттану негіздері, дәстүрлі және қазіргі заманғы әдеби ағымдар мен бағыттар, әдеби сынның даму тарихы мен үрдісі және осылардың арасындағы күрделі тәуелділікті көре біледі әрі шешу жолдарын ұсына алады.</p>
<p>3. Әлеуметтік, этикалық және ғылыми пайымдауларды ескере отырып, түсінік қалыптастыру үшін ақпаратты жинау мен түсіндіруді жүзеге асыру</p>	<p>6. Қазақ әдебиетінің әр кезеңдегі мұраларының, түрлі жанрларының қалыптасу, даму тарихы мен ерекшеліктерін және әдебиеттануға қатысты ғылыми ұғымдарды, пайымдауларды ескере отырып, жаңартылған білім беру бағдарламасына қатысты ақпараттарды жинап, талдау арқылы әдебиет пәнін оқыту, түсіндіру үдерісін инновациялық әдістердің көмегімен орындай алады.</p>
<p>4. Кәсіби және басқа салаларға ақпарат пен идеялар ұсыну және мәселелерді тиімді жеткізу, шешімін таба, білу</p>	<p>7. Әлеуметтік-гуманитарлық саладағы ғылыми пайымдауларды, ұлттың рухани құндылықтарын бойына сіңірген филолог-маман ретінде болашақ кәсіптік ортасында білімінің жан-жақтылығы негізінде кәсіби және басқа да салаларға еркін бағдар жасап, идеялар мен ақпараттар ұсынып, оңтайлы шешімдер қабылдай алады.</p> <p>8. Журналистика тарихы, теориясы, тілі, стилі туралы білімдерін жетілдіріп, мультимедиалық контент жасақтау, ақпаратты жинау, өңдеу және бұқараға жеткізуге арналған цифрлық мобильді технологияларымен жұмыс істеу дағдылары қалыптасқан.</p>

<p>5. Оқылып отырған ғылым саласында одан әрі оқуды өз бетінше жалғастыру үшін қажетті дағдыларды қалыптастыру</p>	<p>9. Тіл тарихы, түркі тілдерінің грамматикалық сипаты мен құрылысын салыстыру, әдеби тілдің тарихи дамуы мен нормалануы, дәуірлерге бөлінуі, қазақ фольклорының жанрлары мен қалыптасу арналары және осы мәселелерді зерттеудің ғылыми қағидалары мен әдіснамасын, тұжырымдарын саралап, өзіндік талдау жасай біледі.</p>
<p>6. Ғылыми зерттеулер мен академиялық жазудың әдістерін білу және оларды зерттелетін салада қолдану;</p>	<p>10. Ғылыми концепциялар, ғылыми теориялық ойлар мен бағыттарға сыни тұрғыдан қарап, әр түрлі ғылым саласынан алған білімдерін кіріктіріп, зерттеушілік ұстанымдарын көрсете біледі және ғылыми мәтіндерді академиялық жазылымның стильдік талаптарына сай ресімдеуге, зерттеу әдістерін тиімді қолдануға қабілетті болады.</p>
<p>7. Зерттелетін салада фактілерді, құбылыстарды, теорияларды және олардың арасындағы күрделі тәуелділіктерді білу мен түсіне алу;</p>	<p>11. Меңгерген теориялық білімдерін филолог-маман ретінде сараптап, ғылыми танымға негізделген өзіндік ой-пікірін білдірумен қатар қоғамдағы, әдебиет және тіл ғылымы саласындағы өзекті мәселелерді проблема ретінде қоя біледі және оны шешудің тиімді жолдарын меңгерген.</p>
<p>8. Академиялық адалдық қағидалары мен мәдениетінің маңызын түсіну</p>	<p>12. Академиялық адалдық мәдениеті қағидастарын, демократиялық қоғамның құндылықтарын басшылыққа ала отырып, қоғамдағы өзекті мәселелерді заң тұрғысынан талдай білетін, іскерлік және этикалық, кәсіптік жауапкершілікті сезінетін, қоғамдағы озық идеялар шеңберінде тәуекелге бара алатын, шығармашылықпен жобалау дағдысы бар, дене тәрбиесі мен ішкі мәдениеті қалыптасқан тұлға ретінде әрекет етуге қабілетті болады.</p>

Білім беру бағдарламасы туралы жалпы мәліметтер білім беру бағдарламасының паспортында (Кесте-1) келтірілген

21	Оқыту нәтижесі	<p>6В02302 – «Филология» білім беру бағдарламасы бойынша бакалавры білуі және түсінуі қажет:</p> <p>1. Тіл пәндері (шетел, орыс тілі) бойынша жалпы орта білім негізіндегі түсініктер аясы мәтін, функционалдық стиль түрлері, академиялық жазылым және кәсіптік салаға қатысты ұғым-</p>
----	----------------	--

		<p>түсініктермен кеңейтіліп, оны күнделікті және қоғамдық қатынастар, академиялық әрекеттер барысында қолдана біледі.</p> <p>2. IT-технологиялар заманындағы тілдің қолданыс аясы, нормасы, қазіргі БАҚ тілі, оның функционалдық-коммуникациялық қызметі, медиасферадағы әрекеті, дискурстық сипатын ажыратып, маңызын саралай алуды, цифрлық және ақпараттық коммуникациялық технологияларды тиімді қолдана біледі.</p> <p>Тіл білімінің негізгі ұғымдары мен тенденцияларын және қазіргі қазақ тілінің фонетикалық, морфологиялық, лексикологиялық, сөзжасамдық, синтаксистік ерекшеліктерін ғылыми-теориялық тұрғыдан талдап түсіндіре алады; осы білімдер жүйесін тәжірибеде оқу үдерісін инновациялық әдістер негізінде ұйымдастыруда және әдістемелік бағытта жүзеге асыра алады.</p> <p>4. Қазақ тілінің тілтанымдық, стилистикалық, концептуалдық категорияларын, мәдениет пен тілдің өзара қатынасын, сонымен қатар латын негізіндегі қазақ әліпбиінің қалыптасу тарихы, өзекті мәселелерін, емледегі өзгерістерді ғылыми тұрғыдан тұжырымдап, тәжірибеде пайдалана біледі.</p> <p>5. Әдебиет ғылымының теориялық және салыстырмалы әдебиеттану негіздері, дәстүрлі және қазіргі заманғы әдеби ағымдар мен бағыттар, әдеби сынның даму тарихы мен үрдісі және осылардың арасындағы күрделі тәуелділікті көре біледі әрі шешу жолдарын ұсына алады.</p> <p>Бакалавр ой-пікірін қалыптастыру қажет:</p> <p>6. Қазақ әдебиетінің әр кезеңдегі мұраларының, түрлі жанрларының қалыптасу, даму тарихы мен ерекшеліктерін және әдебиеттануға қатысты ғылыми ұғымдарды, пайымдауларды ескере отырып, жаңартылған білім беру бағдарламасына қатысты ақпараттарды жинап, талдау арқылы әдебиет пәнін оқыту, түсіндіру үдерісін инновациялық әдістердің көмегімен орындай алады.</p> <p>7. Әлеуметтік-гуманитарлық саладағы ғылыми пайымдауларды, ұлттың рухани құндылықтарын</p>
--	--	---

бойына сіңірген филолог-маман ретінде болашақ кәсіптік ортасында білімінің жан-жақтылығы негізінде кәсіби және басқа да салаларға еркін бағдар жасап, идеялар мен ақпараттар ұсынып, оңтайлы шешімдер қабылдай алады.

8. Журналистика тарихы, теориясы, тілі, стилі туралы білімдерін жетілдіріп, мультимедиалық контент жасақтау, ақпаратты жинау, өңдеу және бұқараға жеткізуге арналған цифрлық мобильді технологияларымен жұмыс істеу дағдылары қалыптасқан.

Бакалавр білімі мен түсінігін қолдана алуы қажет:

9. Тіл тарихы, түркі тілдерінің грамматикалық сипаты мен құрылысын салыстыру, әдеби тілдің тарихи дамуы мен нормалануы, дәуірлерге бөлінуі, қазақ фольклорының жанрлары мен қалыптасу арналары және осы мәселелерді зерттеудің ғылыми қағидалары мен әдіснамасын, тұжырымдарын саралап, өзіндік талдау жасай біледі.

Бакалавр оқудың немесе оқуға деген қабілет дағдыларына ие болуы қажет:

10. Ғылыми концепциялар, ғылыми теориялық ойлар мен бағыттарға сыни тұрғыдан қарап, әр түрлі ғылым саласынан алған білімдерін кіріктіріп, зерттеушілік ұстанымдарын көрсете біледі және ғылыми мәтіндерді академиялық жазылымның стильдік талаптарына сай ресімдеуге, зерттеу әдістерін тиімді қолдануға қабілетті болады.

Бакалаврдың коммуникативтік қабілеті болуы тиіс:

11. Меңгерген теориялық білімдерін филолог-маман ретінде сараптап, ғылыми танымға негізделген өзіндік ой-пікірін білдірумен қатар қоғамдағы, әдебиет және тіл ғылымы саласындағы өзекті мәселелерді проблема ретінде қоя біледі және оны шешудің тиімді жолдарын меңгерген.

12. Академиялық адалдық мәдениеті қағидаттарын, демократиялық қоғамның құндылықтарын басшылыққа ала отырып, қоғамдағы өзекті

		мәселелерді заң тұрғысынан талдай білетін, іскерлік және этикалық, кәсіптік жауапкершілікті сезінетін, қоғамдағы озық идеялар шеңберінде тәуекелге бара алатын, шығармашылықпен жобалау дағдысы бар, дене тәрбиесі мен ішкі мәдениеті қалыптасқан тұлға ретінде әрекет етуге қабілетті болады.
--	--	--

3. Оқу бағдарламасын дамытудың негізгі бағыттары

Оқу бағдарламасын жақсарту жолдары:

1. Сапалы әрі жан-жақты білім алуға жағдай жасау.
2. ОБ жаңарту процесіне жұмыс берушілерді тарту, түлектердің кәсіби білігін анықтау.

3. Заманауи білім беру ортасын қалыптастыру.

4. Білім беру кеңістігін ұлғайту.

«6B02302 - Филология» білім беру бағдарламасын дамыту жолдары

№	Міндеттері	Негізгі жолдары	Орындалу мерзімі
1	Еңбек нарығында сұранысқа ие мамандарды дайындау.	1. Жұмыс берушілермен ОБ енгізілетін пәндерді талқылау. 2. ОБ жаңа пәндерді енгізу.	2023-2024 о.ж. наурыз-қыркүйек 2023-2024 оқу жылының қаңтар айы
2	Түлектерді қабылдау	Мамандық бойынша білім алғысы келетін жас түлектерді тарту.	маусым-тамыз 2023-2024 о.ж. маусым-тамыз 2024-2025 о.ж.
3	Еліміздегі танымал ғалымдарды дәріс оқуға тарту.	1. Дәріс жоспарын жасау	2023-2024 о.ж. наурыз-қыркүйек 2023-2024 оқу жылының қаңтар айы

4	Біліктілікті жоғарылату	1. Пән негізінде ұйымдастырылған семинарларға қатысу.	Үнемі
5	Оқу процесіне заманауи технологияларды енгізу.	Сабақ барысында заманауи технологияларды қолдану.	Үнемі

5. ОБ төмендеуіне байланысты ұйымдастырылатын шаралар

№ п/п	Болуы мүмкін қауіптер	Қауіпті төмендету үшін ұйымдастырылатын шаралар

5. ОБ сапасын бақылау

№	Шара атауы	Өткізу мерзімі	Жауаптылар
1	Білім алушылар арасында	2023-2024 о.ж. желтоқсан 2024-2025 о.ж. желтоқсан 2025-2026 о.ж. желтоқсан	Деканат Кафедра меңгерушісі
1.1	сауалнама жүргізу		
1.2	Жұмыс берушілер арасында сауалнама жүргізу		
2	Қорытынды аттестация нәтижесіне талдау жасау	2023-2024 о.ж. маусым 2024-2025 о.ж. маусым 2025-2026 о.ж. маусым	КАфеда меңгерушісі
3	Емтихан, аралық бақылау жұмыстарына талдау жасау	Академиялық күнтізбеге сәйкес	Кафедра меңгерушісі Эдвайзерлер
4	Ашық сабақтар өткізу	Ашық сабақтарды өткізу жоспарына сәйкес	Кафедра меңгерушісі ПОҚ құрамы

